



Қазақстан Республикасының
Білім мен Ғылым Министрлігі
Ақмола облысының білім бөлімі
А.К.Сейдахметов

«Армысың, Алтын күз!»



«Шағала» ересек топ

Тәрбиешілер: Г.У.Жүнісбаева
М.Сабитханқызы
Мұзыка жетекшісі: Саулымбаева А.

Шымкент 2022ж

Армысың, Алтын күз!

Балалар музыка әуенімен залға кіреді.

Би: «Жапырақтар»

Жүргізуші: Сары жібек көйлегін желбіретіп,

Жапырағын ағаштың селдіретіп,

Тойға бөлеп елімді күзім келді,

Нұр тамшысын аспанның мөлдіретіп.

Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Табиғатымыздың бізге берер байлығымен берекесін силайтын сары алтын күзіміз келді. Жылдың қай мезгілін алсақта табиғатты сүйіп, оны аялау, әрбір адамның міндеті, өйткені бізді қоршаған табиғат аман болса, бізде сондай көңілдіміз. Шат көңілді шағымызда бүгін «Шағала» тобының «Армысың, Алтын күз» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер.!

Ән: «Күз»

Жүргізуші: Өнер қуып бүлдіршін өтер деймін,

Бір басына өнері жетер деймін.

Бәсекеге түс ал-кәне бүлдіршіндер,

Қабыл ал, тақпақтарын көрермендер-дей отырып біздің бүлдіршіндердің мерекелік өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.

Жантөре: Бұлттар төніп жерге шөгіп,

Дымқыл тұман басады.

Шөп сарғайып, өңі тайып

Дала сұры қашады.

Ернұр: Күзім-ау, күзім-ау

Мінезің бұзық-ау

Жаңбырың сіркіреп

Келгенің қызық-ау

Ақару: Сарғайды тоғай

Сап-сары маңай

Соңғы әнін айтып

Құс кетті қайтып

Сұлтан: Сезілген соң күз лебі
Құстар қайта бастады
Тырналардың тізбегі
Солдаттардай саптағы

Фердаус: Көңілді өскен баламыз
Шырқап әнге саламыз
Тойымызға сән беріп
Ән де, айта аламыз.

Камшат: Қандай өзі береген
Алмасын ай алмасын
Жемісі көп не деген
Жеп тауса алмайсың.

Айым: Ауладағы көп ағаш
Тербеледі желменен
Сары, жасыл жапырақ
Құс секілді ұшады.

Ислам: Біздің дала бай дала
Алтын астық айнала
Ел егінді жинайды
Қырманға дән сыймайды.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар!

- Ал балалар, балалар,
- Енді бері қараңдар
- Бізге қонақ келмекші
- Сендерді бір көрмекші
- Әуелі жұмбақ жасырам
- Құлығымды асырам
- Таба алсаңдар шешімін

-Қонағымды дәл ортаға шақырам

Жұмбақ: Көк майсалы көрікті

Алқаптағы көп егін

Бұл күндері киіпті

Сары жібек көйлегін

Бұл қай кезде болады?

Балалар:- Күз мезгілі!

Жүргізуші:-Жарайсыңдар, балалар! Бізде тағы жұмбақ білетін кім бар?

Ақару: Жиын-терін болатын

Қамбаға астық толатын

Қызыл қырман ойнайтын

Қай мезгіл деп ойлайсың?

Балалар: Күз мезгілі.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар балалар, күз мезгілі келіп, дала сары түске боялып жатқанда, алтын күздің басты себепкері күз ханшайымын шақырайық.

Музыка әуенімен Күз ханшайымы келеді.

Жүргізуші: Сәлеметсіңбе, Күз ханшайымы қош келдің!

Күз ханшайымы: Балалалар, Сендердің мерекелі күзге арнап той тойлағандарыңды көріп мен қатты қуанамын. Даланың сары түске боялып, жапырақтар сары түсті көбелек секілді ағаштардан жерге жауған көрінісін ұнатасыңдарма?

Балалар: - ия.

Күз ханшайымы: Ал сендерге жұмбақ жасырсам шешімін табасыңдарма?

Жұмбақ: Тыр-тырс етіп тамады

Сайға қарай ағады

Балалар: Жаңбыр

Жүргізуші: Күз ханшайымы жаңбыр-демекші біздің қыздарымыз күз мезгіліне әбден дайын. Олар өздерінің қолшатыр биімен сізге мерекені тамашалауға шақырады.

Ән салдырып күліңдер,

Жайнап гүлдей жүріңдер.

Күздің тойын тойлайық

Би билейік ойнайық.

Би: «Қолшатыр»

Күз ханшайымы: -Жарадыңдар сулу қыздар, сендердің тербеліп билегендерің менің көкіліме жылудық силады.

Жүргізуші: Бүгін мейрам бүгін той,

Қуаныш күні біліп қой,

Күзгі бақтай сыңғырлап,

Алақанды соғып қой.

Дей отырып, ендігі кезекті балалардың өлең шумақтарына берейік.

Нұрсая: Сап сары қып даланы,

Бояпты ғой күз деген,

Құстар қанат қағады,

Қоштасқандай бізбенен.

Азамат: Алтын, сары, қызыл, көк

Алуан, алуан жапырақ,

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады атырап.

Нұрмұхамед: Келістіріп бар сәнін,

Берген өзі табиғат,

Алтын күзді әл енді,

Қарсы алайық жамағат.

Заңғар: Мынау алмұрт ақылдым,

Күзде жинап алатын,

Балбыраған біреуін,

Жесең тойып қаласың.

Ерсайын: Дала сары киінген,

Самал соқты салқындау,

Қырымдарда үйілген,

Алтын астық алтын дән.

Дидар: Өрік, шие, балы бар,

Қауын, қарбыз көбейді,

Жегің келсе бәрін ал,

Неге аласың демейді.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, Молайтыңдар шаттықты,

Ән айтайық бақытты.

Ән: «Сабантой»

Күзгі ханшайым: Күз салқындап, аспанды қара бұлт торлағанда мені көңілсіз деп ойламаңдар, меніңде сендерді қуантатын қасиетім бар. Күздің берекелі болуына ат салысып, өзінің еңбегімен халқымды риза ететін «ДИХАН АТАЛАРЫҢДЫ» ортаға шақырайын. Ол үшін сендер желдің шуылдаған дыбысын келтірсеңдер, Дихан аталарың лезде келеді. Қанекей бірлесіп желдің дауысын жасайық.

«Балалар желдің дыбысын салады»

Жарайсыңдар! Ортаға ДИХАН АТА келеді.

Дихан ата: Ассалаумағалейкүм халқым! Сабан той мереке құтты болсын! Күз мерекесінің берекеліде мерекелі болуына мен әр кезде тілекшімін. Алда қылышын сүйреп қыс келеді, ал балалар сендер күздің берер мол сыйынан қыс мезгіліне дайындап, қамбаны асқа толтырып жатқан боларсыңдар! Қамбаларың астыққа молынан толсын. Ал қанекей мерекені жалғастырайық, ал мен тамашалайын.

Жүргізуші: Қош келдіңіз Ата, ендеше біздің балаларымыз егін басындағы орақ биін билеп, өзіңізге деген ризашылығын білдіреді.

БИ; «ОРАҚ БИ!»

Жүргізуші; Жомарт күздің біздерге, Берерін алып шашпайық,
Алтын күз тойын сіздерге, Жыр шумақпен шашайық.

Әділет; Берекесін силауға, Өлкемізге күз келді.
Жемістерін силауға, Шақырады біздерді.

Жомарт; Көңілді өскен баламыз, Шырқап әнге саламыз.
Тойымызға сән беріп, Әнде айта аламыз.

Асия; Ой, балалар, балалар, Қоңырқай күз келіпті.
Құрап жапырақ солыпты. Ел егінін орыпты.

Айзере; Сары алтын жамылған, Күз атамыз секілді.
Қойны толы дәмді нан, Тәттісі көп не түрлі.

Алинур; Жемісі мол теретін, Күз дос екекн бізбенен.
Бәрін тауып беретін, Жомарт екекн бізбенен.

Асылым; Бұлт ауады аумаққа, Күз келіпті бау баққа.
Жаздай піскен жаңғақта, Шашылады жан жаққа.

Әмір; Түрлі түсті бояуы, Жердің бетін кестелеп,
Күз келгенде егінші, Егін жинар кестелеп.

Олжас ; Астық жеміс жиылды, Қамбамызға құйылды.
Ардақты күз мың алғыс, Алдық өнім сиыңды.

Күз ханшайымы; Жарайсыңдар балалар! –Дихан ата, сіз білесізбе? Менің күз мезгіліме тән мінезім, бірден қара бұлтты төндіріп, жер дүниені, бау бақшамен бақтарды жауын шашынмен көмкеріп, қара суығымды шақыра салатынымды. –Ал сіз халқыңыздың жағдайын бақыладыңызба? Олар егінін толық жинап алдыма екен?

Дихан ата;- Күз ханшайымы, сәл қоя тұр ашуланбай. Бұл қазан айы, барлық тіршілік атауының қыс мезгіліне дайындықты қыза дайындалып жататын айы. Мерекеміз әлі біткен жоқ, ауа райының жылуын ұстап тұрғайсың. -Биылғы жылыңа біз еліміз, жұртымыз болып саған алғыс айтамыз. Бау бақша мен егін даласын өте берекелі жемістеріңмен, көкөністеріңмен риза еттің бізді.

Жүргізуші;- Дұрыс айтасыз Диханшы ата, қыс мезгіліне әлі жұртыңыз дайын емес, біздің ұлдар мен қыздардың күзгі әуенге тербетіле билегенін тамашалаңыздар!

БИ; «Күзгі вальс»

Жүргізуші: күздің қазан айында, Алма алмұрт піседі.

Жапырақтар сарғайып, Сылдыр, сылдыр етеді.

Жанерке: Осень добрая пришла, Нам подарки принесла.

Яблоки душистые, Персики пушистые.

Нұрасыл: Ел егінін жинайды, Қамбаға дән симайды.

Біздің дала бай дала, Алтын астық айнала.

Іңкөр: Бүгін мейрам бүгін той, Қуаныш күні біліп қой.

Күзгі бақтай сыңғырлап, Алақанды соғып қой.

Сафира: Жаздағыдай балалар, Далада көп жүрмейді.

Еңбекшілер егіннен, Дем алуды білмейді.

Диханшы ата: – Ал балалар, ендеше менде қайтайын, күз ханшайымынан бұрын қайтып, егіндерімді жинап үлгерейін. Ол менен бұрын қайтса, ашуланып, қара суығын алып келсе, жаз бойы жасаған еңбегіміз ысырап болар. Айтпақшы мен өз егінімнен сендерге дәм ауыс тисін деп, жемістермен, көкөністерімнен ала келдім. Мінекей.» Жүргізушіге шелек толы жемістерді береді»

Жүргізуші: – Рахмет, ата!

Дихан ата: – Сау болыңдар балалар, мерекеден мерекеге жете беріңдер!

Жүргізуші: Міне біздің елден алар бағамыз,

Көңіл кілтін адамдықпен табамыз,

Ән-мереке жолықтырсын аман-сау,

Күз кешінің шымылдығын жабайық.

Деп, осымен «ШАҒАЛА» тобының «АРМЫСЫҢ АЛТЫН КҮЗ» атты мерекесін тамамдаймыз, көріп тамашалағандарыңызға рахмет! – Сау болыңыздар!



[blob:https://web.whatsapp.com/53c01daf-fec1-469f-a2fa-a536eda7fa10](https://web.whatsapp.com/53c01daf-fec1-469f-a2fa-a536eda7fa10)

